

# Аудандық қоғамдық кеңес отырысының хаттамасы

№1

Сағ:10:00

28 наурыз 2025 жыл

Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залы

## Қатысқандар:

А.С.Мәмбетов – аудан әкімі

А.Ж.Шаңғалаев – аудандық  
мәслихат төрағасы

А.Ш.Қаржауова – аудан әкімінің  
орынбасары

Б.Қ.Әбуов – аудан әкімі  
аппаратының басшысы

## Қоғамдық кеңес мүшелерінің саны:

11 адам

## Күн тәртібіне енгізілген мәселелер:

1. Қоғамдық кеңес мүшелерін таныстыру, бекіту.
2. Қоғамдық кеңес төрағасын тағайындау.

---

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша аудан әкімі А.Мәмбетов ағымдағы жылдың 17 наурыздағы аудандық мәслихат төрағасының №08 өкіміне сәйкес жаңа қоғамдық кеңес мүшелерін таныстырып, алдағы ауданның әлеуметтік – экономикалық даму бағытындағы қызметтеріне толағай табыс тіледі.

---

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қоғамдық кеңес мүшелері өз пікірлерін айтып, қоғамдық кеңес төрағасын тағайындау мәселесін пікірге салды:

**Үмбетова Роза:** Өздеріңізге белгілі, Жоламанов Ерғазы ұзақ жылдар бойы ауданымыздың қоғамдық өміріне белсене қатысып, тұрғындардың әл – ауқатын жақсартуға, мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға үлкен үлес қосқан азамат. Ол өз өмірін қызметке арнап, көптеген маңызды мәселелер бойынша халықпен тығыз жұмыс істеп, ауданымыздың дамуына айтарлықтай әсер еткен тұлға. Қай салада болмасын өз міндеттерін адал орындап, жоғары

кәсібилігімен, жауапкершілігімен ерекшеленді. Оның қоғамдық жұмыстарға қатысуы әрдайым нәтижелі әрі тиімді болды. Бұл өз кезегінде оған тұрғындардың арасында үлкен абыроймен құрмет әкелді. Сондықтан мен Жоламанов Ерғазыны қоғамдық кеңес төрағасы етіп тағайындауды ұсынамын.

**Нугиманов Асылбек:** Менде Роза апайымыздың пікіріне қосыламын. Ерғазы ағамыз қоғам алдындағы міндетін өз деңгейінде атқара білетін, өзінің өмірлік тәжірибесін қоғамдық мәселелерді шешуде қолданатын, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары азамат. Оның пікірлері мен ұсыныстары әрдайым салмақты, ұтымды, негізделген болып табылады.

**Унгаров Нұркен:** Қоғамдық кеңес төрағасы қызметіне тағайындалуы үшін қажетті барлық талаптарға жауап береді. Оның әділдігі, шешім қабылдаудағы тиянақтылығы, қоғаммен жұмыс істеудегі тәжірибесі мен білімін ескере отырып, мен Жоламанов Ерғазы ағамызды қоғамдық кеңес төрағасы қызметіне лайықты деп санаймын.

---

**Күн тәртібі бойынша қоғамдық кеңестің отырысы шешім етеді:**

- 1) Қоғамдық кеңестің мүшелерін тізім бойынша бекіту.
- 2) Қоғамдық кеңестің төрағасына Жоламанов Ерғазы Оспанұлын - тағайындау.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің тізімі жалғанды: (1 бет)

Келісім:

**ЖОЛАМАНОВ**

Ерғазы Оспанұлы




**ӨТЕШОВА**

Гүлжанар Тілесқызы



**САГИНГАЛИЕВ**

Аманжол Асқарұлы



**ТУЛЕУОВ**

Бақытжан Қайырболатұлы



**ҮМБЕТОВА**

Руза



**УНГАРОВ**

Нұркен Тынышқалиұлы




**НУГИМАНОВ**

Асылбек Көпжасарұлы



**ГАБДУЛЛИН**

Ғазиз Жолдасұлы




**ҚАСЫМ**

Әсем Талғатқызы



**ТЕҢДІБАЙ**

Әнуар Жеңісұлы



**БИСЕНОВ**

Қадырғали Бағарұлы

